

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 2 сәуір

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Заң ұсынылады.

Аталған шартқа 2024 жылғы қазан айында Астана қаласында қол қойылды.

Заңның мақсаты уағдаласушы мемлекеттердің қылмыстардың алдын алуды, тергеп-тексеруді, қылмыстық қудалауды және сот төрелігін жүзеге асыруды қамтамасыз етуде құқықтық көмек көрсетуі болып табылады.

Шартта екі елдің құзыретті органдарының өзара іс-қимыл мәселелері реттеледі. Атап айтқанда:

- құқықтық көмек көрсетудің қолданылу аясы;
- сұрау салудың нысаны мен мазмұны, оны орындау тәртібі;
- тұлғалардың құқықтарының сақталуына кепілдіктер;
- қамаққа алынған және сотталған адамдарды уақытша беру;

тәркілеу рәсімдеріне көмек көрсету;
қаржылық ақпараттарды, банк шоттарын анықтау және тоқтатып қою;
шығындарды өтеу мен келіспеушіліктерді реттеу жолдары және өзге де
ұйымдастырушылық мәселелер бойынша ережелер қарастырылған.

Шартқа сәйкес тараптар қылмыстық істер бойынша бір-біріне кең ауқымды
құқықтық көмек көрсетуге міндеттеледі. Олар:

құжаттарды, шақыру қағаздары мен заттарды беруді;
адамдар мен заттардың тұрған жерін анықтау немесе сәйкестендіруді;
тінту, алып қою және тәркілеу жұмыстарын жүзеге асыруды;
заттар мен құжаттарға сараптама жасауды, ақпарат пен дәлелдемелер беруді,
сондай-ақ тараптардың ұлттық заңнамасымен көзделген көмектің басқа да нысандарын
қамтиды.

Бұл іс-қимылдарды әрбір тараптың құзыретті органдары өздерінің ұлттық
заңнамасына сәйкес іске асырады. Қазақстанда Қылмыстық-процестік кодекс шеңберінде
жүзеге асырылады.

Сонымен қатар құжатта құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды орындаудан
бас тартудың нақты негіздері белгіленген, яғни:

егер сұрау салуды орындау егемендікке, қауіпсіздікке немесе қоғамдық тәртіпке
нұқсан келтіруі мүмкін болса;

ұлттық заңнамаға немесе халықаралық шарттарға қайшы келсе;

сұрау салу адамға қатысты оның ұлтына немесе саяси сеніміне байланысты
қылмыстық қудалау мақсатында жолданса;

сұрау салынатын тарапта тергеліп жатқан қылмысқа қатысты болса тараптар
құқықтық көмек көрсетуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан осындай келісімді 33 мемлекетпен жасаған. Енді осы
серіктестік қатары Перу Республикасымен толықпақ.

Шартты ратификациялау екі ел арасындағы өзара құқықтық көмек көрсету
мәселелеріне байланысты қарым-қатынасты реттейді және қылмысқа қарсы күрестегі
ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар болған
жоқ.

Заң жұмыс тобы мен комитет отырыстарында жан-жақты қаралып, талқыланды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық
заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасы мен
Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы
шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан
Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкіліне.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы көптеген екіжақты шарттар стандартты және оларда көзделген тергеу шаралары іс жүзінде бірдей. Бұл негізінен құжаттарды, шақыру қағаздарын беру, адамдардың орналасқан жерін анықтау немесе оларды сәйкестендіру, айғақтар алу, тінту, алып қою, тәркілеу және басқалары. Алайда жекелеген елдермен жасалған шарттарда, менің ойымша, осындай халықаралық келісімдердің мақсаттарына қол жеткізу үшін маңызды болып табылатын жалпы ережелерде ерекшеліктер бар. Осындай құралдардың бірі – нақты істер бойынша бірлескен тергеу топтарын құру. Мәселен, мұндай ереже Қазақстан мен Украина арасындағы шартта бар. Бірақ бүгін қарастырылып отырған шартта жоғарыда аталған топтарды құру көзделмеген. Осыған орай менің сұрағым бар.

Ерлан Рақымжанұлы, бұл немен байланысты және болашақта басқа да екіжақты шарттарда осындай бірлескен тергеу топтарын құру жоспарланған ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бас Прокурордың орынбасары Өтегенов Ерлан Рақымжанұлы, жауап беріңіз.

ӨТЕГЕНОВ Е.Р. Талғат Тұрлыбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бірлескен тергеу топтары негізінен қылмыс екі-үш мемлекетте жасалған жағдайда құрылады. Украинадағы шартта неге біз бұны көздеп көрсеттік? Ол географиялық жағынан бізге жақын орналасқан мемлекет және миграциялық процестер тығыз байланысты.

Перу мемлекетіне байланысты шартқа келсек, біздің ұлттық заңнамамыз бұндай топ құруға ешқандай шектеу қоймайды, керек жағдайда ондай топтарды құра береміз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым да Бас прокуратураның өкіліне.

Баршамызға мәлім болғандай, «қылмыстың шекарасы жоқ» және ешбір мемлекет қылмыспен жалғыз күресе алмайды. Әсіресе киберқылмыс сияқты қазіргі заманғы қылмыс түрлеріне қарсы тұру үшін басқа елдердің құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста жұмыс істеу аса маңызды. Сол себепті біздің уәкілетті органдар халықаралық ынтымақтастықты күшейтіп, барлық құқықтық мүмкіндіктерді тиімді пайдалануы тиіс.

Өз тарапымыздан біз, парламентарийлер мұндай бастамаларды, атап айтқанда, Бас прокуратураның шетелдік серіктестермен өзара іс-қимыл шекарасын кеңейту жұмыстарын қолдаймыз.

Бүгінгі таңда Бас прокуратура қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелері жөнінде 34 халықаралық шарт жасасқан. Осыған байланысты екі сұрағым бар.

Бірінші. Бас прокуратура халықаралық қылмыстық-құқықтық ынтымақтастық саласындағы уәкілетті орган ретінде келісім жасасуы қажет елдерді қандай өлшемдерге сүйеніп анықтайды? Бұл бағытта нақты критерийлер бар ма?

Екінші. Мұндай халықаралық шарттарды жасасу туралы шетелдік серіктестерден ұсыныстар түсе ме, әлде алғашқы қадамды біз жасаймыз ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Рақымжанұлы, жауап беріңіз.

ӨТЕГЕНОВ Е.Р. Сұрағыңызға рақмет.

Бірінші сұрақ бойынша айтсақ, негізгі шарт жасасатын мемлекеттер біріншіден, біздің азаматтардың туристік бағытына байланысты қарастырылады. Екіншіден, қылмыскерлер тергеуден, соттан бой тасалап жүрген мемлекеттерді бақылап отырамыз. Үшіншіден, жымқырған ақшаның қайдан шығып жатқанына байланысты, сондықтан алдымен ниетімізді білдіріп, сол мемлекеттермен шарт жасасуға тырысамыз.

Екінші сұраққа байланысты айтсақ, негізі бастама біз жақтан да болады, егер біздің халықаралық серіктестеріміз ықылас танытса, онда шарт жасасамыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Вопрос к Генеральной прокуратуре.

Уважаемый Ерлан Рахимжанович! В соответствии с договором стороны оказывают взаимную помощь по выявлению, обнаружению, аресту и конфискации предметов, документов, финансовых активов и иных доходов, полученных преступным путем.

Передача доходов, полученных преступным путем, орудий преступлений, предметов и документов, а также финансовых активов, подлежащих аресту или конфискации, осуществляется на согласованных условиях. Думаю, что с конфискованной валютой или другими финансовыми активами, которые можно перевести путем платежных транзакций или с использованием других систем переводов, проблем не будет.

Меня интересует другой вопрос: как быть с недвижимостью или с крупногабаритными объектами, допускается ли продажа по месту нахождения такого объекта собственности? Если да, то возможно ли участие представителей запрашивающей стороны на торгах по реализации конфискованного товара? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерлан Рақымжанұлы, жауап беріңіз.

ӨТЕГЕНОВ Е.Р. Благодарю за вопросы, Сергей Михайлович.

По активам у нас практика уже сформирована. В рамках расследуемых уголовных дел мы налагаем ограничения на такие активы, которые находятся за пределами Казахстана. По вынесенному приговору мы выставаем на торги, то есть страны-партнеры выставляют на торги. После торгов эти денежные средства возмещаются в бюджет. Наше дипломатическое представительство принимает участие в этих торгах.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.
Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт екі мемлекеттің құзыретті органдары арасында қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек алу және көрсету мәселелері бойынша қарым-қатынасты реттеуге бағытталған және қылмыспен күресуде оларға бірлесіп әрекет етуге мүмкіндік береді.

Бұл құжат еліміздің трансұлттық қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүйелі түрде кеңейту саясатының заңды жалғасы болып табылады.

Біріншіден, шарт қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер жинауға және күдіктілер мен айыпталушылардың кінәсін анықтауға қажетті бірлескен процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыруға арналған.

Екіншіден, шарт екі ел арасында өзара ынтымақтастық жасау қағидатын бекітеді.

Үшіншіден, құжатта маңызды процестік кепілдіктер қарастырылған. Шарт аясында құқықтық көмек жазбаша сұрау салу негізінде жүзеге асырылады және құжатта оның мазмұны, орындалу тәртібі айқындалған.

Төртіншіден, шарт ережелеріне және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес екі елдің құзыретті органдары қылмыстық істер бойынша бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді.

Бесіншіден, құзыретті органдардың өзара іс-қимыл тәртібі де нақты айқындалған. Қазақстан тарапынан Жоғарғы Сот және Бас прокуратура, Перу Республикасынан Мемлекеттік Прокурор Офисі. Мұндай нақты тетік өзара әрекеттестікте сұрауларды жедел әрі тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Шартты ратификациялау нақты практикалық нәтижелер береді. Бүгінгі таңда қылмыс шекара талғамайды. Сондықтан оған қарсы күрес те үйлесімді және өзара сенімге негізделген халықаралық құқықтық тетіктер арқылы жүргізілуі тиіс. Ұсынылып отырған шарт дәл осындай заманауи және тиімді құралдардың бірі. Бұл өзара құқықтық көмекті күшейтіп, халықаралық құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Шартқа 2024 жылғы 23 қазанда Астана қаласында қол қойылды.

Заңның негізгі мақсаты бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды олардың әлеуметтік реинтеграциясына жәрдемдесу мақсатында өздерінің азаматтығы бойынша тиесілі мемлекетте жазасын одан әрі өтеу үшін беруге құқықтық негіз құру болып табылады.

Шартқа сәйкес тараптар белгіленген жазаны екінші тараптың аумағында өтеу үшін сотталған адамдарды беру саласында ынтымақтастықты жүзеге асыруға міндеттенеді. Сондай-ақ сотталғандарды беру үшін талаптар, беруден бас тарту негіздері айқындалған.

Сотталған адам мынадай шарттар сақталған жағдайда берілуі мүмкін:

егер ол қабылдаушы тараптың азаматы болып табылса;

үкім түпкілікті болып, орындалуға жататын болса;

беру туралы сұрау салуды алған кезде қалған жаза мерзімі кемінде алты айды құрауы тиіс;

сотталған адам ауыстыру туралы өтінішхатпен жүгінген кезде;

әрекет немесе әрекетсіздік екі тараптың да ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыс болып саналса;

екі тарап та сотталған адамды беруге келісуі қажет төлем қабілетсіздігін растайтын жағдайларды қоспағанда, сотталған адам айыппұл төлесе немесе залалды өтесе.

Шартта беруден бас тартудың негіздері нақты айқындалады. Егер беруші тарап егемендікке, қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке залал келтіруі мүмкін немесе оның ұлттық заңнамасына қайшы келеді деп санаса беруден бас тартылуы мүмкін.

Құжатта беруге сұрау салуларды жіберу және қарау тәртібі, үкімді орындау, сондай-ақ рақымшылық жасау, кешірім жасау және жазаны жеңілдетудің өзге де шараларын қолдану мәселелері реттелген. Сотталған адамды үшінші мемлекеттен транзитпен жеткізуді жүзеге асыру және тараптардың осыған жәрдемдесу тәртібі де айқындалды.

Шартты іске асыруға жауапты орталық органдар Қазақстан Республикасы тарапынан Бас прокуратура, Перу Республикасынан Мемлекеттік Прокурордың Офісі болып айқындалды.

Шартты іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді және республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ. Заң жұмыс тобы мен комитет отырыстарында жан-жақты қаралып, талқыланды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Өтегенов Ерлан Рақымжанұлына.

Согласно статье 8 договора между Республикой Казахстан и Республикой Перу о передаче осужденных лиц, запросы на передачу и ответы на них подаются в письменной форме через центральные органы или по дипломатическим каналам. При этом в той же статье предусмотрено, что решение об удовлетворении или отклонении запроса должно быть сообщено в возможно короткие сроки.

Таким образом, в договоре отсутствуют конкретные сроки исполнения, а также механизмы ответственности сторон за затягивание процедур.

В этой связи возникают вопросы.

1. Какие реальные механизмы есть у Казахстана, чтобы обеспечить доведение передачи осужденного лица до конца в разумные сроки, если на одном из этапов иностранная сторона начнет затягивать процедуру передачи?

2. Не создает ли отсутствие четко установленных сроков риски того, что подобные решения будут неоднократно затягиваться?

ТӨРАҒА. Ерлан Рақымжанұлы, жауап беріңіз.

ӨТЕГЕНОВ Е.Р. Благодарю за вопросы.

В международных договорах мы используем термин «возможно короткие сроки». Это связано с тем, что в национальных законодательствах стран – участников договора предусмотрены разные сроки исполнения. Поэтому в договоре указывается «возможно короткие сроки».

В случае затягивания, конечно, через консультативные органы или через обмен письмами мы этот процесс ускоряем. Там особых сложностей не возникает.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Заңға сәйкес Қазақстан азаматтарының шетелдердегі құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Осыған байланысты келесі сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын.

Бірінші. Қазіргі уақытта Перу Республикасының аумағында қанша Қазақстан азаматы бар? Олардың ішінде қылмыстық жауапкершілікке тартылып, жазасын өтеп жатқан азаматтар бар ма?

Екінші. Перу мемлекетінің аумағында сотталған Қазақстан азаматтарымен жұмыс істеудің нақты бекітілген алгоритмі бар ма және Перу Республикасының құзыретті органдарымен өзара іс-қимыл қалай ұйымдастырылған? Сондай-ақ сотталған немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылған азаматтар туралы ақпарат Қазақстан тарапына қандай тәртіппен және қандай мерзімде жеткізіледі? Бұл ақпарат жүйелі түрде беріле ме, әлде постфактум, яғни тек азаматтың өзі жүгінгеннен кейін ғана белгілі бола ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ашықбаев Ержан Нигматуллаұлы, жауап беріңіз.

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Сауалыңызға рақмет.

Перу еліне жауапты шетелдегі мекеме ретінде Қазақстан Республикасының Бразилиядағы Елшілігінің деректеріне сәйкес қазіргі кезде Перу аймағында Қазақстанның төрт азаматы біздің консулдық есепте тіркелген. Консулдық есепте тұру міндетті процедура болмаған соң Қазақстан Республикасы азаматтарының төрт адамнан көп болу ықтималы жоғары. Олардың арасында қылмыстық жауапкершілікке тартылған Қазақстан азаматтары жоқ. Егер ондай жағдай туындайтын болса, онда 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының нормаларына сәйкес (бұл нормалар универсалды) кез келген мемлекеттің аумағында шетелдіктер қамауға алынса, ұсталса немесе бас бостандығынан айырылса міндетті түрде сол азаматтың елі, Үкіметі, елшіліктері дереу ақпараттандырылатын болады.

Әрине, әр мемлекеттің өзінің ішкі процедуралары бар, бірақ біздің елшіліктеріміз белсенді түрде қатынастар орнатып, қарауларыңыздағы шарттарды жасасқанда да тиісті қатынастар орнатып, бұл мағлұматтар жедел алынып отыр.

ТӨРАҒА. Демек тиісті механизм бар. Ержан Нигматуллаұлы, сол механизм практикада жұмыс істейді ғой? Әлде жұмыс істемей жататын кездері де болады ма?

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Бұндай тетіктер біздің дипломатиялық жұмысымызда бар, әр елшіліктің өзінің жұмыс істеу алгоритмі бар.

ТӨРАҒА. Жақсы. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Жанна Бейсентайқызы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Большерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сотталған адамдарды беру институты қылмыстық қудалау және үкімді орындау үшін адамдарды беру сияқты қылмыспен күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың бір түрі болып табылады.

Қаралып отырған заңның негізгі мақсаты – бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды өздерінің азаматтығы бойынша тиесілі мемлекетте жазасын одан әрі өтеу үшін беруге құқықтық негіз қалыптастыру.

2024 жылғы 23 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы ратификациялауға ұсынылған шарт дәл осындай құқықтық тетікті құруға бағытталған.

Шарттың келесі негізгі ережелерін атап өтуге болады:

адамды беру шарттарын нақты айқындау;

уәкілетті органдардың өзара іс-қимыл тәртібін реттеу;

беруден бас тартудың толық негіздерін белгілеу.

Сотталған адамдар үшін жазасын өздерінің қоғамдық ортасында өтеу олардың әлеуметтік қайта бейімделуіне тікелей ықпал ететінін атап өткен жөн.

Қазақстан мен Перу арасындағы дипломатиялық қатынастар 1997 жылы орнатылған. Ресми деректерге сәйкес 2020 жылдан бастап 2025 жылға дейін біздің елден Перуге 1 мың 33 адам барған, ал Перуден Қазақстанға 1 мың 27 адам келген. Сапарлардың негізгі мақсаттары – еңбек, іскерлік және туристік.

Қазіргі уақытта Қазақстан азаматтарының Перуде жазасын өтемейтініне және де олардан құқықтық көмек туралы өтініштер түспегеніне қарамастан, бұл құжатты қабылдау тиімді құқықтық негіз құруға оң әсерін тигізеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Түркия, Испания, Бразилия, Сауд Арабиясы және басқа да мемлекеттермен жиырмадан астам шарт жасасқан.

Осы халықаралық құжатты қабылдау егемендік пен теңдікті өзара құрметтеу негізінде екі мемлекет арасындағы тиімді құқықтық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Аталған шартқа 2024 жылғы 23 қазанда Астана қаласында қол қойылды.

Ратификациялауға ұсынылған шарт іздестіріліп жүрген адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе сот үкімін орындау үшін оларды ұстап беру мәселелерін реттейді. Сонымен қатар шарт ұстап беруден бас тартудың міндетті негіздерін айқындайды, оның ішінде: егер қудалау адамның ұлтына, азаматтығына немесе саяси көзқарасына байланысты болғанда, егер адамның қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынасқа ұшырауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, өлім жазасы немесе азаптау қаупі бар кезде.

Шартқа сәйкес мемлекет өз азаматтарын ұстап беруге міндетті болып табылмайды. Өз азаматын ұстап беруден бас тартқан жағдайда сұрау салушы тараптың өтініші бойынша сұрау салынған тарап бұл адамды өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық қудалауға тартуға, не заңды күшіне енген сот үкімін орындауға тиіс.

Шартты іске асыру ұстап беру туралы жазбаша сұрау салу негізінде жүзеге асырылады. Сұрау салынған тараптың орталық органы сұрауды қарау нәтижесі туралы сұрау салушы тараптың органын дереу хабардар етеді.

Осы шарт шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын орталық органдар болып Қазақстан Республикасы үшін Бас прокуратура, Перу Республикасы үшін Мемлекеттік Прокурордың Офисі белгіленеді.

Қазіргі уақытта Перу мен Қазақстан аумақтарында сот төрелігінен жасырынып және уәкілетті органдармен іздестіріліп жүрген адамдар жоқ.

Заңды қабылдау қылмыстылыққа қарсы күресте ынтымақтастықтың құқықтық негізін нығайтуға және екі ел арасындағы құқық қорғау органдарының қылмысқа қарсы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң жұмыс тобы мен комитет отырыстарында жан-жақты әрі толыққанды қаралып, талқыланды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

1993 жылдан бастап Ішкі істер министрлігінің құрылымындағы Интерполдың Ұлттық Орталық бюросы жұмыс атқарып келе жатыр. Соңғы жылдары Интерполмен ынтымақтастық аясында, атап айтқанда, тергеу мен соттан жасырынған адамдарды іздестіру бойынша қандай нақты нәтижелерге қол жеткізілді?

Сондай-ақ Қазақстанның бастамасымен халықаралық іздеуде жүрген адамдардың барлығы Интерпол тізімдеріне енгізілген бе? Интерпол қазақстандық тараптың келісімінсіз «қызыл хабарламаларды» алып тастай алады ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Әленов Бауыржан Төлегенұлы, жауап беріңіз.

ӘЛЕНОВ Б.Т. Бекболат Серікбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Соңғы екі жылда Интерпол арқылы шет мемлекеттерде үш жүзден астам адам ұсталды. Қылмыскерлердің іздеу географиясы қазіргі кезде кеңеюде, адамдар тек Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде ғана емес, алыс шет мемлекеттерде де ұсталып жатыр. Мысалы, ақпан айында Индонезияда Атырау облысындағы төрт адамды өлтірді деген күдіктілер ұсталып, Қазақстан Интерполы мен Индонезия Интерполы қарым-қатынасының арқасында наурыз айында Қазақстанға жеткізіліп, қамауға алынып, қазіргі кезде тергеу амалдары өткізіліп жатыр.

Айта кету керек, Интерпол тізімі бойынша деректер үнемі тексеріліп отырады, кейде ұйым өз ережелеріне және жағдайға сай мәліметтерді базадан алып тастайды. Мұндай жағдай ұйымға мүше барлық елдерде кездеседі. Соған қарамастан халықаралық іздестіру процесі тоқталмайды, іздеудегі адамдар табылып, оларды елге қайтару үшін жұмыс атқарылып жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопрос адресован представителю Генеральной прокуратуры.

Уважаемый Ерлан Рахимжанович! У меня два конкретных вопроса по практической реализации данного договора.

В статье 3 заложена возможность отказа в выдаче из-за риска нарушения прав человека. На что именно будет опираться сторона, принимая такое решение? Не получится ли так, что эта норма станет удобным основанием для отказа практически по любому делу? Это первый вопрос.

Второй вопрос. В статье 10 предусмотрено, что выдача возможна при согласии самого разыскиваемого лица. Правильно ли я понимаю, что если человек не согласен, он фактически может заблокировать свою выдачу? Тогда как мы в реальности будем обеспечивать исполнение данного договора? Не получится ли так, что договор есть, а реального механизма выдачи нет? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерлан Рақымжанұлы, жауап беріңіз.

ӨТЕГЕНОВ Е.Р. Благодарю за вопросы.

По первому вопросу. Если выдаваемый гражданин заявляет о возможных нарушениях его прав, мы проверяем все его доводы, с учетом рекомендаций международных правозащитных организаций принимаем решение.

По второму вопросу. Если человек добровольно дает согласие на экстрадицию, то процедура его выдачи упрощается. В случае отказа процедура выдачи производится по общим правилам данного договора.

ТӨРАҒА. Если гражданин отказался от того, чтобы его выдавали (об этом идет речь в вопросе), то это не значит, что он избегает ответственности. Правильно? Если он отказался, тогда государство не имеет права его выдать. Мы правильно трактуем Ваши слова?

ӨТЕГЕНОВ Е.Р. Если гражданин дает согласие, то экстрадиция идет в ускоренном варианте.

ТӨРАҒА. Не дает согласия.

ӨТЕГЕНОВ Е.Р. Если он отказывается, то идет по общим правилам, в любом случае он выдается. Решение принимается государственными органами, то есть нами.

ТӨРАҒА. То есть в любом случае выдается?

ӨТЕГЕНОВ Е.Р. Да, в любом случае выдается. Но здесь идут процедурные моменты, более детальная проверка.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Бас прокуратураның өкіліне.

Сенаттағы жұмыс кездесулері мен талқылаулар барысында Қазақстан Республикасы экстрадициялау саласындағы шарттық-құқықтық базаны кеңейту бойынша дәйекті жұмыс жүргізіп жатқаны атап өтілді. Бүгінгі таңда Қазақстан 26 шетелмен осындай екіжақты келісімдер жасасты. Осыған байланысты түсіндіріп беруіңізді сұраймын.

Шет мемлекеттермен ұстап беру туралы шарттарды жасасудың және ратификациялаудың басымдығын айқындау кезінде қандай тәсілдер мен критерийлер қолданылады? Сондай-ақ жекелеген мемлекеттердің сот төрелігінен «пана» ретінде пайдалану мүмкіндігін барынша азайту үшін қандай нақты шаралар қабылданып жатқанын нақтылауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Рақымжанұлы, жауап беріңіз.

